

қордан бөлінген ауқымды қаражат қазір отандық экономиканың кідіріссіз жұмыс істеуіне қызмет ете бастады.

Әлеуметтік кепілдіктер толығымен сақталып отыр.

Олай болса, бұл дағдарыстан да біздің аман-есен өтетіміз айдай анық.

Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады.

Алдымызда бізді үлкен белес күтіп тұр. Ол — Қазақстан тәуелсіздігінің жиырма жылдығы.

Дүние дамуымен есептегенде жиырма жыл деген көп те емес шығар. Бірақ біз үлкен кезең тұтас бір дәуірмен барабар.

Олай болатыны, тәуелсіздік — ата-бабаларымыздың жүздеген жылдармен өлшенетін арман-ансарының жүзеге асқан ақиқаты.

Сол себепті тәуелсіздіктің өрбір жылының біз үшін мәні бөлек, маңызы айрықша.

Халқымыздың басына түскен қандай да бір сынаққа қарамастан біз тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы жасампаз істерімізді жалғастыра береміз.

Барша қазақстандықтардың жұмған жұдырықтай бірлігінің арқасында біз алмайтын асу, біз жеңбейтін кедергі болмайды.

Соларына нақты сеніңіздер, құрметті отандастар!

Құрметті қазақстандықтар! Қымбатты отандастар!

Іс жүзінде жиырма жыл бойы күннен-күнге біз сіздермен жаңа елді құру үстіндеміз.

Ашық та өркенді елді.

Жылдан-жылға қазақстандықтардың әл-ауқаты жақсара түскен елді.

Саяси тұрақты және өз азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз еткен елді.

Ешқашан және ешкім үшін сыртқы қатер көзі болмайтын елді.

Ондаған жылдар оза қабылдаған Қазақстанның даму стратегиясы, оны елдің нақты табыстарына айналдыру тәжірибесі бізге өз күшімізге деген сенімділікті берді, біз тандап алған жолымыздың дұрыстығына көз жеткіздік.

Нақ сондықтан да бұдан екі жылдан астам бұрын басталған әлемдік қаржы рыноктарындағы дағдарыстың әу басында біз дағдарысқа қарсы шаралардың кешенді жүйесін әзірлеп, дәйектілікпен іске асырып келеміз.

Біз ішкі және сыртқы конъюнктураны жіті қадағалап, еш кідіріссіз табанды шараларды қолға алудамыз. Нақ сондықтан да жаһандық азық-түлік дағдарысы біз үшін ұлттық апатқа айналған жоқ.

Бірақ бүгінде бүкіләлемдік экономиканы діңкелетіп үлгерген экономикалық дағдарыс біздің беріктігімізді сынаққа салуда.

Дағдарыс бізге сырттан келді. Оның көздері елдің ішінде емес, әлемдік экономиканың сәйкессіздігінде жатыр. Дағдарысты болдырмау және бәрін алдын ала көздеу мүмкін емес еді.

Оны еңсеруге әлемнің жетекші экономикалары қазірдің өзінде 10 триллионнан астам АҚШ долларын, яғни бүкіл әлемдік ІЖӨ-нің іс жүзінде 15 пайызын жұмсады. Бірақ та ахуал жақсы жаққа қарай әлі өзгеретін емес.

Дағдарыс өз ауқымына дәйектілікпен Америка континентін, Еуропа мен Азияны тартты.

Бүкіл жағдайға қарағанда, ол ұзаққа созылады. Талдамашылар айтқанындай, әлемдік экономика өз құлдырауында әлі шыңырау үбүне жеткен жоқ.

Әлемде болып жатқан үдерістерге өз көзқарасымды мен өзімнің “Дағдарыстан шығу кінәсі” атты мақалада баяндадым. Оған түрліше қарауға болар, бірақ та біз, қазақстандықтар, осынау дағдарыстан шығудың жалпы ізденісіне өз ойымызды қостық. Дағдарыс қатардағы емес, одан шығудың нұсқалары мүлдем әртүрлі болуы тиіс.

Мен осынау жаһандық дағдарыстан кейін әлемдік қаржы жүйесі, бөлкім, мемлекеттерді саяси басқаруда өзгеретініне сенімдімін. Көпшілік экономиканы “қолмен басқару” қажеттігіне келіп отыр, ал реттеу осы дағдарыстан шығудың аса маңызды ісіне айналууда.

Сондықтан да теренде түбегейлі

көзқарас әлемдік қоғамдастықта әлемдік нарықтық экономиканың келесі бұрылыстарында бізді қауіпсіздендіру жолын табуға көмектеседі.

Сондықтан мен ұсынған түбегейлі шаралар әлемдік қоғамдастықта талқыланатын болады.

Менің ұсынысым — бұл жаһандық проблемаларды шешу ізденісіне қосқан үлесім.

Бірақ та бүгінгі нақтылық мынадай, әлемдегі іскерлік белсенділіктің қысылуы мұнай мен металл деген сұраныстың төмендеуіне соқтырды. Ал бұлар — Қазақстан экспортының негізі.

Бір жылда мұнай бағасы 4 есе дерлік, металл бағасы 2 есе дерлік құлап түсті.

Біздің негізгі сауда-саттық өріптестеріміз өрі жақын көршілеріміз — Ресей мен Украина өздерінің ұлттық валюталарын 40-45 пайызға құнсыздандырды. Сондықтан да біз өзіміздің тауар өндірушілеріміздің мүддесі тұрғысынан тенгенің құнсыздануына баруға мәжбүр болдық. Өйтпесек қазақстандық өнім өзінің бәсекеге қабілеттілігін жоғалттар еді. Біз елдің алтын-валюта резервін жұмсауды жалғастыра берер едік.

Құрметті қазақстандықтар!

Окіншіке орай, қиын сынақтар мен дағдарыс қысымының салмағы әлсіремей тұр. Мұны сіздер де білуге тиіссіздер.

Бірақ та мынаған сенімді болуға тиіссіздер, біз бұл сынақтарға дайын ғана емеспіз.

Жолдауға жедел үнқосу

Бұл жолғы Жолдаудың жылдағыларға қарағанда ерекшелігі бар. Ол түсінікті де. Өйткені, бөрінізге мәлім, қазір бізде ғана емес, әлемдік экономикада дағдарыс жүруде. Президенттің Жолдауы осы дағдарысты қалай жеңеміз, мұның

сыздықпен күрес жанында айтты. Бұл тек ұран емес, Жолдауда онымен күрестің деректі-деректі жолдары мен әдістері көрсетілген. Ол не? Біріншіден, бұл тозығы жетіп тұрған коммуналдық жүйені ретке келтіру. Көптеген қалаларда, елді

Жол жеделсе, тұрмыс өзгереді

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:



қандай амалдары бар, қалай біз тұрақты даму жолына көшеміз деген өте маңызды мәселелерді көтереді. Жолдаудың бұл бірінші ерекшелігі десем, екінші ерекшелігі, осындай кезеңде үлкен ынтымақ, үлкен енбекқорлық, үлкен бірлік көрсету, бүкіл халық болып, ел болып осы дағдарысқа қарсы тұрып, тас түйін бірлік пен жинақылықтың арқасында дағдарысты жеңіп шығуға шақыруы дер едім. Биле-билген жанға бұл — биік елдік мұрат.

Өз басыма ерекше әсер еткен жәйттерге тоқтала кетейін. Біз қазір дағдарысқа қарсы бағдарламаны орындап жатырмыз, экономиканың бес саласына миллиардтаған қаражаттар болында, ал Елбасы осы дағдарысқа қарсы күресте жұмыс-

сиздікпен күрес жанында айтты. Бұл тек ұран емес, Жолдауда онымен күрестің деректі-деректі жолдары мен әдістері көрсетілген. Ол не? Біріншіден, бұл тозығы жетіп тұрған коммуналдық жүйені ретке келтіру. Көптеген қалаларда, елді мекендердің көпшілігінде үйлерге тұрмыстық қызмет көрсететін коммуналдық инфрақұрылымдардың ескіргенін бөріміз білеміз. Біраздан бері олар кезегін де күтіп тұр еді. Елбасы қазір өндірістен шыққан тауарлар өтпейтін болғаннан кейін өзіміздің ішіміздегі сұраныс тудырып отырған осындай қажеттіліктерді тезірек орындап алайық деді. Екіншіден, жол мәселесі. Қазақстан деген салқар дала. Егер осы ұлан-ғайыр даланың жолы дұрысталса халықтың тұрмысына, елдің экономикасына тікелей әсер етер еді. Сондықтан жаңадан жол салайық, ескілерін жөндейік, қалпына келтірейік, жаңғыртайық, ауыл-ауыл арасындағы жолдарды да дұрыстайық дегені тоқтап тұрған кәсіпорындардан босаған жұртшылыққа жұмыстың табылуы. Сосын бұл істеген жұмысыңның өнімін қайда апарып сатамын демейсін, жол салынады, ол халықтың өзіне қызмет етеді. Бұл көп елдердің тәжірибесінде бар шаруа. Мысалы, Германия сонау өткен ғасырдың 30-

(Соңы 3-бетте).

Сыннан сүрінбей өтейік!

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ,
сенатор.



Елбасының мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары жөніндегі жылма-жылғы Жолдауы саяси өміріміздің елеулі көрінісіне айналды. Содан да ма екен, биылғы Жолдауды жұртшылық елеңдей тосты. Тоғышарлар мұны дөңдеген қарсақ құлағымен ін қаздай дегендей, тағы да қандай үстемелер мен жеңілдіктер болар екен деген тағатсыздық деп түсінуі мүмкін. Алайда, биылғы әлеуметті аландатып отырған басқа жәйт еді. Ол — жаһандық экономикалық кеңістікке қанатын күннен-күнге кең жайып бара жатқан дағдарысты жағдайды еңсеруде қандай бағыт ұстанатындығымыз еді.

Қазақстанға дағдарыс тансық емес. Өз-өзінен өніп-өсіп жататын вегетативтік кеңістіктің нәпақасын ұзақ қанағат тұтудан кенде қалғандықтан отаршылдыққа ұрындық. Табиғи-моральдық ресурстарға орасан бай бола тұра, өлденеше ғасыр артта қалған аймақ атанып келдік. Ғылыми-техникалық прогресс қалған дүниені қарық қылып жатқанда да, ұзақ уақыт одан сырт

орай отырдық. Енді-енді қол жалғана бастағанда басқаларға ұқсамайтын өдемі жол іздейміз деп, саяси-экономикалық бірбеткейлікке ұрындық. Олай еткен жетпіс жылдың екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңындағы үш-төрт жыл мен жетпісінші-сексенінші жылдарғы бірер бесжылдық тұсында ғана тойып тамақ ішіп, иінімізді бүгінде киім кидік. Алайда, ұзақ уақыт ғылыми утопия күйінде тарап келген әлеуметтік жоба бәрі-бір дегеніне жете алмады. Әлемдік бәсекеге төтеп бере алмағандықтан, тарих сахнасынан кетуге мәжбүр болды. Түптеп келгенде, өлденеше елдерді қамтыған саяси жүйе мен аса ірі империяны түпкілікті күйреткен де орасан зор экономикалық дағдарыс еді.

Ол жылдарғы тұлдыр дүкен жаймалары, ашы ішектей шұбалған кезектер мен аттаған сайын тап болып, адым аштырмайтын тапшылықты өз көзімен көрген ұрпақ, құдайға шүкір, қазір де өмір сүріп жатыр. Біз көне жүйе жамалдатқан түйедей өбден болдыртып жығылған сон барып, тәуелсіздік тізгініне ие болдық. Әлемдік шаруашылық жүргізудің ең басын сипат алып, көп таралған жолдарына түсе бастадық. Талай қауымдарды дегендеріне жеткізіп, көбінің көсегесін ежелден көгертіп келе жатқан шаруашылық үрдісінің бізді де аштан өлтірш, көштен қалдырмай-

тынына енді-енді көз жете бастағанда жаңа дағдарыстың кезіккені, әрине, өкінішті. Алайда, біржолата үміт үздіретіндей ештеңе бола қойған жоқ. Өйткені, біздің қауымымыздың дағдарыс көрші отырғаны бір бұл емес. Оның үстіне, бүгінгі таңда мұндай күйді бастан кешіп отырған біз ғана емеспіз. Адамзат әзір ешқандай қиындық көрместен, дәуім айдарынан жел есе беретін дағдарыссыз дамуға жетіле қоя алмай жатыр. Ондай өміршендікке бірде мемлекетшілік, бірде аймақтық, бірде әлемдік дағдарыстарды бастан кеше отырып, біртіндеп жетіліп келеді. Сондықтан да Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біз дағдарыстан шынығып, ширап шығуымыз қажеттігіне өлденеше рет көңіл бөлді. Биылғы бүкіл халыққа Жолдауының да басты өзегін осы ойға тірепті.

Бұл, әрине, басына түскен сайын “Көптен көрген ұлы той” деп қайталап айта беретін халқымызға тән қажымас жігер мен сарқылмас сабырдың көрінісі ғана емес, дүниежүзілік экономикалық тәжірибе мен енді-енді қалыптасып жатқан тарихи социология ғылымының көзі жетіп отырған байыптамасына иек артқан оптимистік тұжырым. Адамзат Жер шарын түгелдей өзі мекендейтін кеңістікке (ойкуменаға) айналдырды. Бұл әу

(Соңы 3-бетте).

өтімділік бердік. Бұл шағын және орта бизнесің, ірі кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қамтамасыз ету үшін жасалды.

Жеке тұлғалардың салымдары бойынша кепілді өтеудің сомасы 700 мыңнан 5 миллион тенгеге дейін ұлғайтылды. Мемлекет сыртқы қарыз әлумен және меншік капиталының жеткіліктілігімен байланысты банк секторының төуекелдерін төмендетуге көмектесті.

Тұрғын үй құрылысына және үлескерлер проблемаларын шешуге қолдау білдіруге 545 миллиард тенге жұмсалды.

Елде іскерлік белсенділігін сақтау үшін біз шағын және орта бизнес субъектілеріне 275 миллиард тенге көлемінде бұрын-соңды болмаған қаржылық қолдау жасадық. Әкімшілік кедергілерді табанды қысқарту жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

Негізгі салықтар бойынша ставкаларды әлдеқайда төмендеткен жана Салық кодексі іске қосылды.

Өткен жылмен салыстырғанда, корпоративтік табыс салығы биылғы жылдың өзінде үштен бірге төмендетіліп, 20 пайызды құрайды, ал 2011 жылы 15 пайыз болады. ҚҚС ставкасы 12 пайызға дейін төмендетілді. Әлеуметтік салық ставкасының регресті шкаласының орнына 11 пайыз көлеміндегі бірыңғай ставка енгізілді. Инвестицияларды жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін салық преференциялары көзделген.

Осының бәрі экономиканың ши-

Бұл ретте 2011 жылы базалық зейнетақылық төлемдер мөлшері ең төменгі өмір сүру мөлшерінің 50 пайызына дейін өседі.

Өздеріңізге белгілі болғанындай, мемлекет оқу ақысын төлеу үшін қаржысыз қалған студенттерге қолдау білдірді. Мемлекет барлығы студенттер үшін 11 мың грант және 40 мың несиені қосымша бөліп отыр.

Құрметті қазақстандықтар!

Біздің алдымызда дағдарыс салдарын еңсеру және келесі экономикалық өсуге әзірлену жөнінде үлкен міндеттер тұр.

Қазірдің өзінде біз қабылдағанның бәрі — бұл бүгінгі дағдарыс туындатқан ағымдағы проблемаларды шешу.

Мен тоқтап қалмауды, одан өрі жүруді және дағдарыстан кеніңгі елдің дамуын қамтамасыз ету үшін экономиканы одан өрі жаңғырту және жұмыспен қамту стратегиясын іске асырудың жана жоспарын жүзеге асыруға ұсынамын.

Ең қиын жылдары біз салуды бастап, елдің жаңа байтағын — Астананы, біз осыны жүзеге асыра алатынымызға ешкім сенбеген кезде тұрғыздық. Біз осыны жасадық, мұны бүкіл өлем көрші отыр. Келіңіздер, осы жақсы тәжірибені жалғастыратын болайық.

Иә, жана қаражат қажет. Осы мақсатта дәстүрлі түрде Ұлттық қорға есептеліп келген шикізаттық сектордың табыстарын 2009-2010 жылдары жана жоспарды жүзеге асыруға жұмсау дұрыс

(Жалғасы 2-бетте).

Бірлік – тұрақтылық кепілі

Динар НҮКЕТАЕВА,
Парламент Мәжілісінің депутаты.



Қазіргі кезеңде тек Қазақстан халқы ғана аландатып отырмаған, бүкіл дүниежүзін дүрлік-тірген мәселе — экономикалық дағдарыс, яғни қаржы дағдарысы екені белгілі. Қазақстанда басқа мемлекеттерге қарағанда бұл бағытта алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқандықтан болар, дағдарыс елімізге соншалықты әсерін тигізіп жатыр деп айта алмаймын. Отанымыздағы түсіністіктің, бірліктің арқасында Қазақстан халқының күш біріктіре жұмылуының арқасында бүкіл қоғам болып мемлекетіміздің тұрақтылығы бағытында көптеген жұмыстар жасалып жатыр деуге толық негіз бар.

Біздің болашағымыз үшін ең басты мәселе — елдегі әлеуметтік тұрақтылық. Бұл бағытта Елбасының тапсырмасы негізінде әлеуметтік саланы қамсыздандыруда дер кезінде қажетті шаралар қолға алынууда. Мәселен, отбасына, анаға, балаға, мүгедек, қандай да бір әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға, ауыр жұмыстар атқарып жатқан азаматтарға көптеген жеңілдіктер беріліп, көмектер көрсетіліп жатыр.

Бір сөзбен айтқанда, Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында айтылғандай, әлеуметтік саланы әлеуетін арттыратын шаралар бұдан кейін де үзіксіз жүріп отыратын болады. Елбасы биылғы Жолдауында қарттарымыздың зейнетақыларының 2010 жылы 25 пайызға, 2011 жылы 30 пайызға дейін көтерілетіндігін айтты. Бұлардың барлығын мемлекет тарапынан жасалып отырған үлкен көмек деп есептеуіміз керек.

Халқымыз “Отан отбасынан басталады” дейді. Ал отбасының ұйытқысы — әйел, ана. Сондықтан, осындай кезеңде қыз-келіншектер шыдамдылық танытып, шаңырағымыздың шайқалмауы үшін ер-азаматтармен бірлесе, иық тіресе жұмыс жасап, Отанымыздың, халқымыздың тірегі болып, азаматтардың жасаған барлық іс-қимылдарына үлкен қолдау көрсете білуіміз керек. Отбасымыздың, бала-шағамыздың тыныштығына, олардың жан-жақты қабілетті болып өсуіне өзіміздің аналық жүрегімізбен, аналық қамқорлығымызбен үлкен үлес қосымыз қажет. Елбасы өзінің барлық Жолдауларында қандай қиын кезең тумасын әйел азаматшаларға, аналарымызға үлкен сенім білдіретіндігін айтып келеді. Сол себепті де, қоғамның нәзік жандары өздеріне артылған сенімді шын жүректерімен, ақылдылықпен, парасаттылықпен ақтайды деп ойлаймын.

280 миллиард теңге, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға 120 миллиард теңге бөлініп отыр. Жалпы, ел экономикасын дағдарыстан шығаруға қасымша 2 триллион 700 миллиард теңгеден асатын қаржы бағытталған. Еліміздің дағдарысты еңсеруіне күш-қуаты жетеді.

Жастар — еліміздің ертені, болашағы. Жолдауда студенттерге мемлекет тарапынан қолдау көрсету мәселесі де атап көрсетілді. Мемлекет оларға қосымша 11 мың студентке грант және 40 мың студентке несие бөлу мәселесін де қолға алып отыр.

Жол женделсе, тұрмыс езгереді

(Соңы. Басы 1-бетте).

жылдарында, Оңтүстік Корея 60-жылдарда елдерінде болған экономикалық дағдарыстардан осы жол салу арқылы шығып, шығып қана қоймай жетістіктерге де жеткен. Бұл өте бір жақсы сала.

Жалпы, кез келген қиыншылықтың бір жақсылығы да болады, сол сияқты дағдарыстың пайдасы ауылдық жерлерде істен шыққан құбырлар жөнделіп, жолын дұрыстап, басқа да бұрын ескеріле бермейтін мәселелерге қоңіл аударуға, жақсартып алуға мүмкіндік табылайын деп отыр. Міне, әрбір ауылда осындай жұмыстар атқаруға болады. Жолдауда осы сияқты көптеңің көкеіні тесіп жүрген мәселелер айтылып, оны шешудің жолдары корсетілген. Қазіргі күні дағдарыспен күреске 1 трлн. 200 млрд. теңгені экономикаға жіберсек, енді алдағы екі жылда оған қосымша 600 млрд. теңге бөледі айты. Бұл өте көлемді қаржы, осы қаржыны дұрыс пайдаланып, қажетті салалардың барлығына жұмсай отырып, нысананы берік ұстап, қосымша 350 мың жұмыс орнын

аша аламыз. Жұмыссыздықпен күресте, елдің әл-ауқатын арттыруда бұл зор жәрдем және тиянақты да ауқымды көмек. Сондықтан барша қазақстандықтар беліктерімізді сыбанып жіберіп, белді шешіп, аянбай кірісуіміз қажет.

Жолдауда Елбасы біздің экономикамызға, әлеуметтік жағдайымызға, жалпы халқына сенген көңілмен сенім артып отыр. Ол сенімнің негізі де бар. Өткен жылдарда экономикамыздың жақсы іргесі қаланды, бұрынғы басымыздан кешірген дағдарыстан көшіміздің жүгін аудармай, осы дағдарысқа экономикалық жетістіктерімізбен, дағдарысқа тиісті тойтарыс беретін қуатымызбен келдік. Екінші жағынан көз тимесін, біздің қоғамымыздың бірлігі, ынтымағы берік. Мұның бәрі мемлекеттік кемел саясаттың, әлеуметтік, экономикалық реформалардың жемісі екендігін айтуымыз керек. Ал бірлік бар жерде жұмыс та бар, нәтиже де бар. Осыны өрі қарай дамытуда бүкіл халық болып, дағдарысты жеңіп шығуды бүкілхалықтық іс деп танып, жұмылу қажеттігін әркім түсінуі тиіс.

сынағы. Біз оңтүстік Кореяға қараймыз деп ойлаймын. Бізге өз дамуымыздың жаңа кезеңіне кіруге және біздің жетістіктерімізді еселеуге тура келеді. Мұны да орындайтынымызға сенімдімін.

Белгілеген мақсаттарға қол жеткізу үшін біздің халқымыздың топтасқандығы қажет.

Сондықтан да барша қазақстандықтарға аталған шараларды жүзеге асыруға

бүкіл қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бәрін де істеу керек.

Мен бұқаралық ақпарат құралдарын белсенді азаматтық ұстаным танытуға шақырамын! Сіздерді “төртінші билік” деп кездесіңіз атамайды!

Қазір БАҚ адамдар үшін қиындықты қалай еңсеруге болады, мынандай қиын кезде қалай аман қаламыз, қалай төтеп береміз деген мәселелерде “кеңесші”

Әрдайым кендік пен кемеңгерлік, сабырлық пен іскерлік көрсетіңіздер.

“Саусақ бірікпей, ине ілкіпейді” деген аталы сөзді бәріңіз білетін шығарсыздар.

Олай болса енді ұсақ-түйекті, берекесіз тірлікті доғарған жөн. Ел үшін, ұрпақ үшін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын кез келді, ағайын.

Баршанызға: “Іске сәт!” демекші!

айтылды. Онда Президент Ұлттық қордың көрсетіп отырған тиімді нәтижесін, оның кезінде ұтымды жасалғанын айтып, қазір соның арқасында дағдарысқа қарсы бағдарламаның аясында көптеген шаралардың іске асып жатқанын атап көрсетті. Сонымен бірге, Елбасы халықты еңбекпен қамту, жұмыссыздықпен күрес жөнінде атқарылып жатқан іс-шаралар парасын айта келіп, биылғы жылы дағдарыстың кесірінен жұмыстан қысқарған адамдарға жаңа жұмыс орындары ашылатынын, шағын және орта бизнесті дамытуда, зейнетақы мен шөкіртақыны көбейтуде тиісті жұмыстар атқарылатынын жеткізді.



Ырыс алды – ынтымақ

Жамал ШОЙБЕКОВА,
республикалық дәрежедегі
дербес зейнеткер.

Елбасымыздың биылғы Жолдауын теледидардың жаңалықтарынан ықыластан тыңдадық. Нұрсұлтан Әбішұлы бүкіләлемдік қаржы дағдарысы кезінде тоқырауға ұшырамас үшін қолға алынып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың мәнін тартып айтып берді.

Қазақ өзінің қалың тарихында талай қиындықты көрді. Дер кезінде ұйыспағандықтан, саны өзінен аз жоңғардың айдауында кете жаздаған уақыттар да болды. Осындай бей-берекетсіздік өленкедей жалаңған ұлдары бар бір отбасын да шырмаса керек. Әрқайсысының кеудесі аяққаптай, батыр да өзі, бағлан да өзі. Бірақ, найзаны кезеп жау келсе, табан тірей алмайды екен. Әйтсе де, ел іші тыныш кезінде бақастықтары қалмайды. Олар бір күні елдің сөзін ұстаған дана қартқа жүгінеді.

Әңгіме ауаны: “кім күшті?”. Ақсақал олардың әрқайсысына тобылғы сабын беріп, “сындыр” дейді. Алтауы да ортасынан қак

бөледі. Енді ақсақал алты тобылғы сабын қатар байластырып, “Ал енді сындырып көріндерші?” десе, ешқайсысының да шамасы келмеген. Сонда қарт: “Жалғыз-жарым жүрсендер жауға олжа боласыңдар. Ал алтауың біріккендер алмайтын қамалдарың жоқ”, депті.

Елбасымыз Жолдауда ынтымақ, бірлік, ұлтаралық татулық жайлы жүйелі сөз айтты. Дәл қазір сөз салғастыратын, бірден алып, бірге салатын заман емес, алды-артты бағамдап, ел болып ұйысудың, бір мақсатқа жұмылуың заманы.

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен ауыл шаруашылығы, шағын және орта бизнесті оркендетуге, жақсы бастамаларды қолдауға үлкен қаржы бөлінді. Соны ысырап қылмай, орнымен пайдаланар болсақ, жұмыс орындарын көптеп ашуға қолымыз жетер еді.

Қазақта “Ырыс алды – ынтымақ” деген жағап мәтел бар. Осы қисынға салсақ, Қазақстанның берекесі артуы өз халқының қолында, жақсы пейілінде екен.

ШЫМКЕНТ.

(Соңы. Басы 1-бетте).

бастан тіршілік айыру өрекеттері мен экономикалық мүддесі ортақ адамзаттың ізденістерін бір арнаға түсіруге шешуші ықпал етті. Аталмыш ғылымның аса көрнекті өкілі Имануил Валлерстайнның айтуынша, жиі-жиі ауызға ілігетін жаһандандудың жүре бастағанына 500 жыл болыпты. Бұл екі аралықтағы қалыптасқан экономикалық өлемнің жағдайын ол 1945 жылдан бүгінге дейінгі және 1450 жылдан бүгінге дейінгі екі мерзімдік арнада қарастырады. 1955 жылдан 1967-1976 жылға дейін өрлеу үстінде болған өлемдік экономика кейін құлдырай бастапты. Бұл 1450 жылдан бергі кезеңде өлденеше рет қайталанған жағдай екен. Өдетте капитал жалақы, салық мөлшеріне, өндіріс материалдарының құнына байланысты өсіп, кемиді екен. Арзан жұмыс қолы болып табылатын ауылдық жерлердің тұрғындарының азаюы, соған байланысты жұмыс күштерінің әлеуметтік талаптарының

артуы, экологиялық келенсіздіктер салдарынан өндіріс жабдықтарының қымбаттауы, көсіпкерлерден жиналатын салықты молайтып, қаржыгерлік ұйытқымалықты күшейтеді екен. Оның үстіне елдер арасындағы мүмкіндіктің алақуалығы ресурс, капитал, технология алмасуларын күрделілендіріп, қаржы қорландыру мен оны айналымға салуды қиындатып, мемлекеттер арасындағы еңбек бөлсуді әр қилы аума-төкпеге ұшыратады екен. Бұл, әсіресе, ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде айқынырақ байқалмақшы.

Өлемде қалыптасып отырған қазіргі жағдай аталмыш тұжырымның негізділігіне көз жеткізе түскендей. Мұндай қиындықты әр ел әрқилы еңсермек. Өйткені, әрқайсысының ресурстық қоры, қаржыгерлік қарымы, технологиялық әлеуеті әрқилы. Бұл ретте Елбасы Жолдауы туындап отырған дағдарыстық жағдайларды жан-

жақты пайымдап, оның қайсысын қалай тойтарудың бағытын тыңғылықты ойластырып, оны жүзеге асырудың мүмкіндіктерін де нақтылап көрсеткен. Сол арқылы етек жайып келе жатқан келенсіз үдерістердің алдын алу мен бетін қайтарудың ұтымды жолдары сарапталған. Сол арқылы дағдарыстан бұрынғыдан да әлеуетті және әулетті болып шығып, өлемдік қауымдастықтағы орнымызды бекемдей түсудегі оптимизміміз мұқият дәйектелген. Бұл бағыттағы атқарылар жұмыстардың бәрінің аты аталып, түсі түстелген. Қайсысына қандай қаржы бөліне-тіндігіне дейін төптіштелген.

Мемлекет жұртшылыққа бұған дейін беріп келген уәделерінен айнымайды. Бюджеттік мекемелерде істейтіндердің жалақылары мен шөкіртақылар 2010 жылы 25 пайызға, 2011 жылы 30 пайызға, орта жәрдемақы 2010 жылы 25 пайызға, 2011 жылы 30 пайызға

көбейеді. Жоғары оқу орындарында оқитындардың төлем ақысын төлеп тұруына да жағдайлар қарастырылған. Бұған арнап мемлекет 11 мың грант, 40 мың несие бөліп отыр. Тұрғын үй бағдарламасын орындауда үлескерлерге көмектесу үшін 545 миллиард теңге жұмсалмақ. 275 миллиард теңге шағын және орта бизнесті ұлғайтуға бағытталмақ. Корпоративті табыс салығы биыл 20 пайызға, 2011 жылы 15 пайызға, қосымша күн салығы 12, әлеуметтік салық 11 пайызға кемімек. Мұның бәрі күннен-күнге аждаһадай аузын аша түскен дағдарыстың аранына алдымен түсіп кету қаупі күшті топтарға бірінші қылып көңіл бөлгендік.

“Жаман айтпай, жақсы жоқ” дегендей, ел экономикасын арттырудың да, әлеуметтік ахуалды сауықтырудың да ең басты жолы — еңбек жасындағы адамдардың экономикалық бастамашылдығын

арттырып, іскерлік қабілетін танытуына жағдай жасау, жұмыссыздықты жою. Ол үшін еңбекке жарамды жастағылардың кәсіби білімін арттыру жүйесін жолға қоймақ керек. Биылғы Жолдау осы арқылы шеттен жұмыс қолын шақыруды шегеруді көздеп отыр. Бұл мақсатқа 140 миллиард теңге жұмсалмақ. Бұл — көптен айтылып, орнынан қозғай алмай келе жатқан мәселе еді. Ақыры қолға алынатын болғанына мың мәрте шүкірлік айтамыз. Жаңа жұмыс орнын жасау, қоғамдық қызметтер көбейту өңірлік дамуға да оң ықпал етпек. Бұл ретте аудандық, облыстық билік орындарының міндеті мен өкілеттілігі арта түспек. Әсіресе, қарық мүмкіндіктерімен өліге дейін жеткілікті дәрежеде ауыздана алмай келе жатқан қиян ауыл тұрғындарын бизнес пен іскерлікке баулымақ. Аталмыш мақсаттағы қолда бар бағдарламалардан тысқары 96 мың

адамды жұмыспен қамтамасыз етуге 8,6 миллиард теңге бөлінгені де кісі сүйсінерлік. Жұмыссыздыққа жәрдемдесу беруге қарсы болмасақ та, кәсіби білім жетілдіру мен жаңа жұмыс орнын жасауға басым маңыз беріліп, шұғыл бет бұру қай жағынан да қуантады.

Дағдарыспен күресте адамдар күнкөрісі ғана емес, еліміздің экономикалық әлеуетін одан өрі өркендете беру де жан-жақты қарастырылыпты. Атырау мұнай-химия кешенін, Мойнақ, Балқаш, Екібастұздағы электр стансаларды, Бейнеу-Бозой-Ақбұлақ мұнай құбырын, “Батыс-Еуропа-Батыс-Қытай” тасымал дәліздерін салу соған куә. Қысқасы, өлемдік әлеуметті әбгерге түсіріп жатқан экономикалық қиыншылықтарды жасампаздықпен тойтармақпыз. Биылғы Жолдаудың бізге алдымен ұқтырары осы.

Бұл — қай жағынан да көңілге қонады. Кез келген дағдарыс кез

келген қауымның өміршеңдігіне сын. Біз бұл дағдарыста тек күнкөріс айырудың, қиындықтан шығудың ғана емес, өз алдына дербес ел, баянды мемлекет болудың қиын да күрделі ғылымын қаншалықты сапалы игеріп жатқанымызға емтихан тапсырамыз. Ол — әрқайсымызға да ауыр міндет жүктейді. Өйткені, демократия — бостандық. Бостандықтың көсегесін көгертетін — азаматтық жауапкершілік. Тәуелсіздік — азаттық. Азаттық туын аспандататын — ұлттық жауапкершілік.

Ендігі жерде Адамзат тағдырына тікелей атсалысып, оның басына түскен игілікті де, қиындықты да бірге бөлісе алған халықтардың ғана көсегесі көгереді. Бізде ондай мүмкіндіктің бәрі бар. Ендеше, тәуелсіз тарихымыздың бастапқы кезеңінде жолығып тұрған ауыр сын тұсында аузымыз бір болып, жарыса еңбек етіп, баянды мемлекет қалпында қалуымыз жолында не қажет, не тиімді деген мақсатпен іздене білсек, өз көсегемізді де, ел көсегесін де көгерте аламыз.